

Искандер Джадид

ИНЖІЛДЕГІ және ҚҰРАНДАҒЫ
АЙҚЫШ АҒАШ



ШЫҒЫС
СӨУЛЕСІ

05.067

Искандер Джадид
Инжілдегі және Құрандағы
Айқыш ағаш
Қазақ тілінде бірінші басылуы
© «Шығыс Сәулесі», Алматы 1993 ж.

МАЗМҰНЫ

I. Мәсіхтің айқыш ағашқа шегеленуі туралы қағидасындағы ұғым	5
II. Инжілде және Құранда айқыш ағаш (крест) қалай түсіндіріледі	8
III. Мәсіхті керудің тарихи шындық екенін дәлелдейтін айғақтар	18
1. Сәуегейлік	18
2. Мәсіхтің дәрістері	23
3. Елшілердің куәліктері	25
4. Мәсіхтің өлімі кезіндегі құбылыстар .	26
5. Мәсіхтің қайта тірілуі	27
6. Тарих куәлігі	29
7. Рим губернаторы Пилаттың куәлігі ...	30
8. Айқыш ағаштың (крестің) символы ..	30
9. Тәңір Кештерінің куәлігі	31
10. Талмудтың куәлігі	32
IV. Мәсіх неліктен керілді?	33
1. Құтқарылу қажеттігі	33
2. Әділдікке жүгінсек	34
3. Өтелу-заң талабына сәйкес келеді	34
4. Өтелу-адам өнегесінің талабына сәйкес келеді	36
5. Өтелудің құдай жолы	37

1. Мәсіхтің айқыш ағашқа шегеленуі туралы Ислам қағидасындағы ұғым

Басқа тақырыптарға қарағанда мұсылман арасында бұл мәселе көптеген қарама-қайшы пікірлер туғызып жүр. Мәсіхтің аспанға кетер алдындағы өлімі жайлы құранда айтылғанымен „Көкке әкетемін“ деп аударылған (3:55 сүре) „Инни мутавафека“ деген сөздің мағнасын мұсылман діндарлары әрқилы жориды. Кейбіреулері Мәсіхтің өлгендігін растағанымен, бағзы біреулері ол сөзді „Өлім“ деген сөз деп қабылдамайды. Және ол туралы мұсылмандардың атақты діни ғұламалары Әл-Табари, Әл-Замхашри және тағы басқаларының айтып – айтып кеткен әр түрлі пікірлері бар.

Кейбіреулері ол сөзді („көкке әкетемін“) былай деп түсіндіреді:

1. Ұйқы, „Ысқақтың (біздің жыл санауымыздың 704-767 жылдары Мединанада ғұмыр сүрген) айтуы бойынша „Инни мутевафека“ деген сөз „ұйқтап жатып өлу“ және „Құдай оны осы ұйқыдан тірілті“ деген мағна береді“ – дейді Әл-Мутанна.

2. Орындалуы мен аяқталуы. Әлі Ибн Сухаил, Домра Ибн Рабна, Ибн Шутхаб, Матар әл Барақ деген ғұламалар ол сөзді“ Мен, яғни Алла Тағала, сені дүниеден әкеткеніммен, өлтірмей әкетемін“ – деген мағна береді деп түсіндіреді.

3. Меңгеру немесе иелік ету. Бұл ұғымды Ибн Вахаб пен Ибн Зеид қолдайды. „Инни мутавафека“ дегенді олар: „Мен сені... меңгердім – иелік етуге алдым... Ол өлген жоқ және Мәсіхке қарсыларды түгел жоймай тұрып, өлмек те емес. Ол сонан соң ғана өледі“ – деген сөз деп ұғындырды.

4. Әбу Жаппар әл-Табари Мұхаммед сөзін арқалана отырып: „Мариамның Ұлы Иса (Иисус) аспаннан түседі де Мәсіхке қарсыларды өлтіреді, сонан соң жерде біраз болып, жан береді, мұсылмандардың батасын сонан кейін алады“ – деді.

Әлгі сөзді „Өлім“ деп түсінетіндер ол жайлы Құранның ұғындырмасын да көлденең тартады.

1. Әл-Мутханна „Инни Мутавафека“ ны: „Мен Саған өлім келтіремін“ – деген сөз деп түсіндіреді.

2. Ибн Хамидтің пікірі бойынша: „Мариамның Ұлы Исаға Құдай үш сағатқа өлім әкеліп, сонан соң Оны қайта тірілілтті“ (Джамила әл-Баян, 3 том, 289-292 беттер).

Әл-Имам әл-Рези ол сөзді былай түсіндіреді: „Алла Тағала: О, Иса! Міне Мен Сені әкетемін де, Сен Маған кетесің, – деп Оған ерекше құрмет көрсетті. Бірінші құрметі – Оны қайта тірілткені, екіншісі тағы бір өлең сөзде Исаның: Сен мені әкеткенде, Сен менің күзетім едің, яғни қорғанымтұғысың“ – деді.

Біраз ғұламалар осы екі өлең сөз туралы екі бағытты ұстанады. Біреулері бұл өлеңді тура мағынасында түсінеді де, ал екіншілері оны тұспал деп ұғады.

Алғашқылардың айтуы бойынша „Мутавафека“ ның мағнасы: „Сенің өмірің орындалды, сондықтан да Мен (алла) Сенің жаныңды аламын. Оларға (яғни ервейлерге) өлтіртпеймін, бірақ сені көкке әкеліп, періштелерімнің ортасына апарамын және Сені Өзім күзетіп, ешкімге өлтіртпеймін“ – деген сөз. Ибн Аббас пен Ибн Ысқақ ол сөзді: „Оның дұшпандарына (еврейлерге) Оны өлтіруге еркіндік берілмеген. Сондықтан да Құдай Оны аспанға әкеліп, Оған деген құрметін көрсетті“ – деп түсіндіреді. Бұл пікірдің де үш түрлі ұғымы бар:

1. Вахаб: „Ол үш сағат өліп жатып, сонан соң қайта тірілді“ – дейді.

2. Ибн Ысқақ: „Ол жеті сағат өліп жатты да, сонан соң Құдай оны қайта тірілтіп аспанға әкетті“ – дейді.

3. Әл-Рабаиа Ибн Унс: Алла Тағала оны аспанға әкеткен кезде, Оған өлім келтірді, дейді. Алла: „Мен жанды өлер шақта аламын, сондықтан олар ұйқтап жатып жан тәсілім етпейді“ – дейді.

Сайып келгенде, Мәсіхтің соңғы сәті жөнінде Құран сүресін мұсылман діндарлары әр қилы түсіндіргендіктен шындықты іздеген әр адам оның ақиқатын тек Інжілден іздеуі керек. Онда Мәсіхтің өлімі, қайта тірілуі және аспанға Кетуі жөнінде еш қайшы пікір жоқ және ол ешқандай түсініктемені қажет етпейді.

2. Инжілде және Құранда айқыш ағаш (крест) қалай түсіндіріледі

Елші Пауыл Корынтықтарға жолдаған Бірінші хатының бірінші тарауында, 22-24 шумақтарда былай дейді: „Себебі Иудейліктер – кереметті талап етсе, Еллиндер – даналықты іздейді, ал біздер айқыш ағашқа керілген Мәсіхті уағыздаймыз. Иудейліктердің – елігуін, Еллиндердің – естен адасуын қолайлаймыз, ал шын Иудейліктер мен Еллиндерге Мәсіхтің келуін, Құдайдың күшін және Құдайдың даналығын тілейміз“. Екінші тараудың бірінші және екінші шумағында апостол былай дейді: „Ағайындар, мен сендерге келгенде Құдай куәлігін асқақ сөз, астам ақыл арқылы емес, өзімнің Иса Мәсіхті, дәлірек айтқанда, айқыш ағашқа керілген Мәсіхтен басқаны мойындамайтынымды сол келуім арқылы дәлелдемек үшін келген едім“.

Егер біз елшілердің сол сөздерін ақылға салсақ, Мәсіх жолын қуушылардың балаң шағында оны қабылдаған талай халықтың талай ажалдан аман қалғандығын, ал Инжілдің олар үшін қуанышты ізгі хабар болғанын көреміз. Елші Пауыл оны Корынтықтарға жазған хатында (тараулар 15:1-4) былай деп нұсқайды: „Мен сіздерге ізгі ниетпен хабардар еткен Инжілді дұрыс қабылдап, оның жолынан еш ауытқымайтын болсаңыздар, сол арқылы құтылып кететіндеріңізді естеріңізге саламын. Себебі, мен оны болмысыммен қабылдағанымды, яғни, Мәсіх

жазмыштың бұйрығы бойынша бәріміздің күнәміз үшін жан бергендігін, денесі жерге көмілгенін, және содан үш күн өткен соң қайта тірілгенін әуел баста-ақ айтқанмын“.

Пауылдың уағызынан кейін бес жүз жыл өтіп, ал Інжіл бүкіл әлемге тарап кетсе де, бұл шындықты жоққа шығарып, Мәсіх жолын қуушыларға: „сендер қателестіңдер, Мәсіх өлген жоқ“ – деушілер де табылды. Күдікшіл күпірлерге бұл ой Мәсіх жолын қуушылар дінін қабылдаған арғы аталары Мәсіхті өлген жоқ деп білетін Иудейліктерден ауысқан болар.

Бұл жөнінде біздер Мәсіхпен сөз таластырған Фарисейлердің мына дауын жазып кеткен Інжіл авторларының бірі елші Жоханға қарыздармыз: „Халық оған былай дейді: Мәсіхтің меңгілік екенін заңнан білеміз. Сен неге Адамзат Ұлы көкке көтерілуі керек, дейсің? Ол айтып тұрғаның қай Адамзат Ұлы? – (Жох. 12:34).

Бұл күпірлік әсіресе Араб жартыаралында тұратын Мәсіх жолын қуушылар арасында көп тарағанын тарихшылар жазбасынан білеміз. Олар Мәсіх өзінің сыртқы келбетін өзгерткені соншалық, Оны қамауға келгендер Мәсіхті танымай қалып, Оның орнына Мәсіх өз келбетін берген басқа адамды ұстап, айқыш ағашқа шегелеп тастаған соң, дұшпандарының бұл топастығына рақаттана күлген Мәсіх көкке кетіпті-мыс (яғни Құдайға) деп жар салады.

Мәсіхтің соңғы сәтін суреттейтін Құран сүресі мұны растайды. Ол сүреде (4:157-158) былай делінген: „Алланың өкелі Исаны, Мариамның баласы, Мессияны өлтірген – біздер дейді олар (еврейлер). Олар оны өлтірген де жоқ, айқыш ағашқа шегеленген де жоқ, бар оқиға олардың көзіне солай болып көрінді. Бұлай деп сөз қашырушылар, асылында, Оған шұбаланушылар. Оларда болжамнан басқа ешқандай білік жоқ. Олар Оны өлтірген жоқ, Алла Оны Өзіне әкетті: себебі, Алла – биік, ол – данышпан!

Өздерін Мәсіх жолын куушылармыз деп ойлайтын күпірлердің ұғымы бойынша айқыш ағаш (крест) тарихи оқиғаның да, немесе арылу жүйесінің де белгісі емес, ол – Вифлеемдегі Нәрестенің Бесігіне (Яслиіне) қарай бақсыларға жол сілтеген – жұлдыздың, Иорданда шоқынған Мәсіхке көгершін кейпінде келген Қасиетті Рухтың – нышаны. Басқалардың күнәсі үшін өз жанын қиған Құдай Ұлы шегеленген айқыш ағаш – олар үшін түк емес! Олар елші Пауылдың Галлаттарға жазған хатында (3:13-14 тараулар) баршамызға жария еткен шындықты жоққа шығарды, ол хаттағы: „Мәсіх бізді заң атынан құтқарып, өзі антымызға айналды, өйткені „ағашқа асылғандар қарғыстан арылмасын“ – деген сөз Ыбырайымның батасы болып, біздерге Рух уағда еткен дінді алу үшін пұтқа табынушыларға Мәсіх арқылы тарады“ – деген уәжді мойындамады.

Айқыш ағашқа деген бұл наразалық күпірлердің өздері жазып, бірақ оны Жохан жазды деп таратқан Інжілден шықса керек. Және мұсылмандарға бұл наразылық Исламның алтын бесігі болып саналатын Аравияны жайлайтын күпірлерден ауысқаны ақиқат. Мұсылман діндарларының арасында бұл туралы әртүрлі пікір болуы өте өкінерлік нәрсе. Олардың біразы Мәсіхті орнына басқа біреу шегеленді деген лақапқа сеніп, бұл туралы алуан түрлі жорамалдар таратып жүр. Біреулердің айтуына қарағанда иудейлер Мәсіхті өлтіреміз деген кезде Құдай оны аспанға әкетіпті-мыс. Мәсіх шын өлтірілетін болса халық көтеріледі деп сескенген дін қызметкерлері Мәсіхтің орнына басқа біреуді өлтіріп, айқыш ағашқа шегелеп, оны Мәсіх деп жариялап, баршаны алдаған. Ал, екінші біреулердің айтуына қарағанда, айқыш ағашқа шегелеген адамға Мәсіхтің келбетін Құдай беріпті дейді.

Бұл жорамалдың әрқилы түрі бар:

1. Иуда деген иудей Мәсіхті қамауға алмақ болып Мәсіхтің үйіне келсе, ол онда жоқ болып шығады. Сол сәтте Құдай оған Мәсіхтің келбетін береді. үйден шыққан Иуданы Мәсіх деп қалған халық оны байлап алып шегелеп тастайды.

2. Иудейлер Исаны қамауға алып, оған күзетші қойғанда, Құдайдың ғаламаты оны аспанға әкетіп, оның келбеті ауысқан күзетшіні „Мен Иса емеспін!“ – деп бақырғанына қарамастан ағашқа керіп, шегелеп тастайды.

3. Исаның достарының біріне ұрмаққа әкетеміз деп уағда берген соң, Оның орнына өз ықтиярымен сол адам өледі. Ол үшін Құдай оны Исаға ұқсас етіп, ол Иса болып шегеленіп, ал шын Иса аспанға кетеді.

4. Исаның жолын қуушылардың бірі (яғни Иуда) Оған сатқындық жасайды. Ол Исаның қайда екендігін Иудейлерге айтып барып, оны ұстатқан кезде Құдай оған Исаның келбетін беріп, иудейлер Исаның орнына оның өзін шегелеп тастайды.

Құранды уағыздаушылардың ішінен бұл оқиғаны үндесе айтатындар некен саяқ кездеседі.

Құрандағы: „олар солай екен деп қалды“ („Шуббиха лақұм“) деген сөзге түсінік берген Әл-Жалаланның айтуына қарағанда, адамдардың біреуін Құдай Исаға ұқсастырып, шын Исаны шатастырып алған халық әлгі адамды өлтіріп шегелеп тастаса керек. Сол түсінікте: „Бұл туралы әртүрлі жорамал айтатындар – Оған күдік келтіретіндер“ (яғни Исаның өліміне сенбейтіндер) – деген сөз бар. Исаның өлігін көргеннен кейін: „Мұның түрі – Исаның түрі болғанымен, денесі – Исаникі емес“. „Бұл Исаның – өзі!“ – деген сөздер әлгі күдіктенушілерден шыққан сөз (Әл-Жалаланның түсінігі, 135 бет).

Әл-Байдаваның айтуына қарағанда, бір топ Иудейлер Иса мен Оның анасын ұстаған кезде Иса оларды қарғапты да, әлгілер сол сәтте маймыл мен доңызға айналып кетті.

Иудейлердің Исаны өлтіргісі келгені рас. Бірақ, Құдай Оны аспанға әкететінін айтыпты. Сонда Иса өз достарына: „Менің кейпіме еніп, өлімге мойын сұнып, пейішке барғысы келетін қайсың барсың?“ – деген екен. Достарының біреуі „мен бармын!“ – депті де, Құдай оған Исаның кейпін беріп, әлгі адам өлтіріліп, айқыш ағашқа шегеленіп кетіпті.

Әл-Замхашли былай дейді: „Сөз... олар Оны өлтірдік те шегеледік, сондықтанда оның тәні-өлік, ал өзінде тіршілік жоқ, деп ойлады. Бірақ, Ол тірі, себебі Құдай Оны Өзіне, аспанға әкетті“.

Исаның өлімі жайлы осылайша талас пікірлердің көп болуы – Исаның жер үстіндегі соңғы күндері туралы Құранда айқын жазылмауының салдары. Мұндай көмескілік – талас туғызуға қолайлы. Имам Фахр Әд-Дин ар-Рази ондай жорамалдың бәрін жоққа шығарды. Ол Құранның 3-ші сүресіндегі: „О, Иса! мен сені тыныштандырамын және Сені Өзіме әкетемін“ – деген 55-ші аятты былай түсіндіреді:

1. Егер Құдай бір адамның кейпін екінші адамға беретін болса, бұл жағдай өсек пен өтірікке жол ашады, содан барып пайғамбаршылыққа да сенімсіздік туғызады.

2. Құдай Оны (Исаны) Өзінің құдіретімен қолдады. Сондықтан да Құдайдың істегенін Ол да (Иса) істей алмады ма екен? Өлгендерді қайта тірілте алатын Ол (Иса), Өзін Өзі неліктен қорғай алмады?

3. Құдай Оны аспанға әкетіп-ақ аман алып қалатын еді ғой. Сондықтан да Оның (Исаның) кейпін екінші адамға берудің не қажеті бар еді?

4. Исаның кейпін басқа адамға бергеннен кейін жұрт оны, әрине, Иса деп қалады. Елді бұлайша алдау Алланың ардағымен сиыспайды.

5. Батыс пен шығыс аралығындағы тұратын Мәсіх жолын қуушылардың басым көпшілігі Мәсіхті тәу етеді, оның ісіне құлдық ұрады және оның айқыш ағашқа шегеленгеніне шек келтірмейді. Сондықтан да бұл шындыққа сенімсіздік білдірсек, онда әлгі тарихи оқиғаны жоққа шығарамыз, сөйтеміз де, Иса, Мұхаммед және басқалардың пайғамбарлығына күдік туғызамыз.

6. Осыдан барып, „әлгі адам“ өзінің Иса емесігін айтып жан сауғаласа, ол ісінің жөні бар. Оның солай істейтіні ақиқат.

Бірақ, ол адам ондай нәрсеге бармағаннан кейін, ол оқиға болды дегенге сенбейміз. Мәсіхтің айқыш ағашқа шегеленгенін Құран жоққа шығарғанымен, Оның өлер шағында аспанға кеткеніне шүбә келтірмейді. Мәсіхтің өмірінің Құранда қалай жазылғанына үңіле қарасақ, Оның өлгенін растайтын үш аятты, өлтірілгенін айтатын екі аятты көреміз.

1. Сүре 19:33: „Мен туған күні, өлген күні және тірілген күні бәріңе тиыштық болсын“. Сәуегейлік түрінде айтылған осы аяттан Мәсіхтің болғаны да, өлгені де, қайта тірілгені де сезіліп тұр.

2. Сүре 3:55: „Алла айтты: О, Иса! Мен Сені та-

ныштыққа бөлеймін де Өзіме әкетемін. Сонан соң Сені Саған сенбегендерден арылтамын, сонан кейін Саған ергендердің дәрежесін, Сен тірілгенге дейін Саған ермегендерден биік етемін“.

3. Сүре 5:116-117: „Алла былай деді: О, Мариамның Ұлы, Иса! Адамдарға: мені мен анамды Алладан бөлек екі құдай етіп қабылдаңдар дегенің рас па? Сонда Ол былай деді: „Мерейің өсе берсін! Менің құқым жоқ деп қалай айтамын... Мені тыныштыққа бөлегенде, Сен соның бәрін көріп тұрғансың...“

4. Сүре 2:87: „Біз Мұсаға (Моисейге) сәлемдеме жолдап, соның артынша елшілер аттандырғанбыз. Біздер Мариамның ұлы, Исаға (Иисус) айқын нышан ұстаттық және оны қасиетті аруақ атымен нығайттық. Біздің елшіміз сендердің ықыластарың қолайламайтын нәрсені апарған сайын кекірейе түскендерің бе сонда? Біреулерді суайт дейсіңдер, тағы бірін өлтіресіңдер“. „Өлтіресіңдер“ деген сөз бұл жерде нақты айтылып, ол сөз дәл солай тәжжімеленеді. Мәсіхтің қалай өлтірілгенін Құран осылай баяндаса, Інжіл ол оқиға жөніндегі ақиқаттың нағыз өзі.

5. Сүре 3:183: „Олар (яғни иудейлер) былай деген еді: ол елші отқа өртейтін құрбандық әкелмейінше, оған сенбеңдер деп Алланың өзі өсиет айтқан.

Қане, айтшы: „Айқын нышандары бар елшілер маған дейін келді ме, және сіздер айтқан нәрсені

әкелді ме? Егер шындық сендердің жақтарыңда болса, оларды неге өлтірдіңдер?

Ал енді 4-ші сүреде айтылған сөзге оралайық: „Олар Оны өлтірген де жоқ, көрген де жоқ, бар оқиға олардың көзіне солай болып көрінді. Бұл сөздер басқа сүреде айтылғандарды жоққа шығарып, өтірікті өрбітуге жол ашады. Сондықтан да шындықтың көзін ашу үшін басқа жаққа жалтақтамай тек Інжілде жазылғанға жүгінуіміз керек. Шындықты бұлайша бұра сөйлеудің себебін ашу үшін, иудейликтер Мәсіхті не мақсатпен өлтіргенін айқындауға тиістіміз. Бұл мәселе Жохан жазған ізгі хабарды (11:47-50 тарау) оқыған кезде айқындалады: „Сонда фарисейлер мен дін басылары бас қосып, енді не істейміз? – деп кеңесті. Бұл адамның қолынан келмейтін кереметі жоқ. Егер оны тірі қойсақ, Оны жұрттың бәрі төбелеріне көтереді, сонан соң римдіктер келіп, жерімізді де, халқымызды да басып алады. Дін басыларына сол жылға басшы болып сайланған Каиафа деген біреу былай деді: біз үшін бүкіл халықты қырып алғаннан гөрі бір адамның өлгені дұрыс екенін біліп те отырған жоқсыңдар, ол нәрсе ойларыңа келіп те отырған жоқ“.

Сонан соң олар Мәсіхті айқыш ағашқа керді де, ол жан тәсілім етісімен оның табытын тас үңірге апарып қойып, кіре берісті мөрлеп тастады, оның ілімі мен әулиелігінен ақыр соңы құтылдықы-ау деп қуанышқа кенелді. Мәсіхтің азапты өлімі оның

жолын қуғандардың жанын түршіктіріп, олардың белсенділігін басып тастайды деп үміттенді олар. Алайда, иудейліктер бұл харам ойын Құдай тағала мүлдем басқа бағытқа, олардың үш ұйқтаса да түстеріне кірмейтін бағытқа бұрып жібереді. Мәсіхтің айқыш ағаштағы (крест) өтелу ғұрпындай болған өлімі сан мың адамды өз жағына шығарды. Жохан жазған Ізгі хабарда (12:32 тарау) Мәсіхтің: „Жерден көтеріліп кеткен соң, бәріңнің назарың маған ауады“ – деген сөзі расқа айналды.

Оның кереметтері елшілерге дарытқан күші арқылы осылайша әрі қарай жалғаса берді. Киелі кітап (Библия) бізге Елшілердің игілікті істері деген бөлімінде (19:11 және 12 тараулар) былай деп хабарлайды: „Оның денесіне тиген орамалдар мен белдіктерді Пауылдың қолымен ауруларға берген Құдай, сол бишаралардың сырқатын жазып, жын-шайтандарын қуалады“. Сонымен, Құранның кейбір аяттарын дінсіздерге қарсы пайдалана аламыз. Мәсіх үш күннен кейін қайта тіріліп, қырық күн бойы шәкірттеріне келіп жүрді, сонан соң көкке кетіп, Құдайдың оң қол жағына отырды. Мұны Құранның өзі растаған: „Міне! Мен Сені әкетемін, Сен Маған көтерілесің“ – деген сөздер бар.

3. Мәсіхті керудің тарихи шындық екенін дәлелдейтін айғақтар

Ол айғақтар өте көп, бірақ оның бәрін егжей-тегжей баяндау бұл кітапшаның міндетіне кірмейді. Біз төменде солардың бірнешеуін келтіреміз.

1. Сәуегейлік

Киелі кітапта Мәсіхтің айқыш ағаштағы өтелу өлімін айтқан сәуегейлік болжам, кейіннен айнықатесіз дәл келді.

Сәуегейлік – Мәсіхті Иуда отыз күміс ақшаға сатты.

Зәкерия 11:12: „Сендерге қажеттігі болса, менің ақымды беріңдер, деймін оларға. Қажеттігі болмаса – бермендер. Сонан соң олар Маған ақы етіп, отыз күміс ақша өлшеп береді“.

Орындалуы: Матайдан 26:14 және 15: „Сонан соң Иуда Искариот деп аталатын он екiнiң бiрi дiнбасыларына барды да: Мен оны ұстап берсем не төлейсiңдер? – дедi. Олар отыз күміс ақша беретiндiктерiн айтты.

Сәуегейлік – сол ақшаға құмырашыдан жер сатып алу.

Зәкерия 11:13: „Маған Тәңiр айтты: Шiркеудiң қоймасына таста оны – маған төленген ең жоғарғы құн ол! Сонан соң отыз күміс ақшаны алдым да, құмырашыға деп Тәңiр үйiнде қалдырдым“.

Орындалуы: Матайдан 27:3-8: „Сатқындық ет-

кен Иуда Оның азапталғанын көріп, өзі ісіне опық жеп, кінәсіз төгілген Қанның обалына қалыппын деді де, дінбасылар мен қауым бастықтары отыз күміс ақшаны қайтып берді. Аналар оған: біздің онда шаруамыз жоқ. Өзің біл, – деді. Күміс ақшаларды Ғибадатханада қалдырған Иуда, далаға шыққан күйі асылып өлді.

Күміс ақшаны алған дінбасылар өзара кеңес құрып, қанға боялып келген нәрсені шіркеу қорына алуға болмайды деген уәжге келді де, ол ақшаға құмырашыдан жер сатып алып, оны кезбелерді жерлейтін мола етуге ұйғарды. Сондықтан да сол алынған жер осы күнге дейін „Қанды жер“ атанады“.

Сәуегейлік – келеке мен керу.

21:17-19 Жыр: „Абалаған иттер қоршады мені, көздеріне қан толған жындылар тап-тап берді маған, қолдарыма сүңгі сұққандай болып, өзімді тәлкекке айналдырды“.

Орындалуы: Марқа 1:16-20: „Ғаскерлер Оны ішкі қораға апарып, полкты сап тұрғызды; үстіне шымқай қызыл мата орады, басына тікенек бұтадан тәж істеп кигізді, сонан соң Оған: „Иудейдің Патшасы, шаттан!“ деп дуылдай айқайлап, басын таяқпен ұрып, бетіне түкіріп, аяғына жығылып, білгендерін істеді. Оны құмардан шыға мазақтап болған соң үстіндегінің бәрін шешіп алып, оған өзінің киімдерін кигізді де, айқыш ағашқа шегелеуге алып кетті“.

Сәуегейлік – жаралады да таяққа жықты.

Ишая 53:5: „Ол біздердің күнәміз үшін таяқ жеді, біздің жазамызды ол тартты, оның жарасы бізді сауықтырды“.

Зәкерия 12:10: „Дәуіттің үйі мен Иерусалим жұртына береке мен мейір төгемін, олар сонда найзадан мерт болғанға елжірей қарап, жалғызын жоғалтқандай, тұңғышынан айрылғандай болып жоқтайды.

Орындалуы: Лұқпан 22:63-65: „Исаны қоршағандар оны мазақ қылды, өлердей сабады, ұрған сайын „сені кім ұрды?“ – деп сұрап тәлкек етті, Оған одан да басқа әжуа айтты“.

Жохан 19:34: „Бір ғаскер Оның қабырғасына найза сұққан еді, жарадан қан мен су сау етті“.

Сәуегейлік – Өзінің ғаламат азабына үнсіз шыдады Ол.

Ишая 53:7: „Оның жанын қинады, Ол оған Өз құлқымен шыдады да үн қатпай төзді. Оны бауыздайтын қой секілді сүйресе де, жүнін қырқатын қозы секілді аунатса да, Ол бір түйір ыңқ етпеді, жақ ашпады“.

Орындалуы: 1 Петр 2:22-24: „Ол күнәдан пәк еді де, жарамсақ сөзден аулақ болды. Өзі де өткір сөзді болғанымен тәлкекке тәлкек қайырған жоқ. Ол жаны қиналса да, өштікке бармады, әділдігін айтуды имантарызыға қалдырды. Ол біздің күнәміз үшін Өз тәнін азап ағашына байлады, күнәдан арылған соң адал ғұмыр кешуімізді тіледі. Сіздерді сауықтырған нәрсе – Оның жарасы“.

Сәуегейлік – Ол таяққа жығылды және мазақ болды.

Ишая 40:6: „Мен жанымды таяққа тостым, тәнімді еш нәрседен тасаламадым. Түкіріктен де, мәкүріктен де бетімді жаппадым“.

Орындалуы: Марқа 15:19: „Оның басын таяқпен ұрды, бетіне түкірді, тізерлене отырып, бастарын иді“.

Сәуегейлік – Оны тәлкек қылды.

Жырлар 21:7 және 8: „Мен адам емес, жердің құртымын, елге – мазақпын, жұртқа – күлкімін. Мені көргендер бір сөйлеп қалады, ауызбен айтып, бастарын изейді“.

Орындалуы: Матайдан 27:39-42: „Қасынан өткендер Оны иектерімен нұсқап, неше түрлі ғайбар айтты: ей, ғибадатхананы бұзып, оны үш күнде қайта тұрғызушы! Мықты болсаң, Өзіңді құтқар! Құдай Ұлы екенің рас болса айқыш ағаштан (крестен) босан! Дінбасылар мен кітапшылар, Фарисей мен қауым бастықтары: басқаларды құтқарушы едің, ал, қане, Өзіңді құтқарып көр, Израильдың Патшасы екенсің, қане, айқыш ағаштан босаншы, сенейік сонсын! – деп айқайлады“.

Сәуегейлік – Ондағы қайғы – Әкесінің Оны тастап кеткендігі.

Жырлар 21:2: „О, Тәңір! О, Тәңір! Сен неге тастап кеттің Мені? Менің көз жасым мен сөзімді құтқаруға – алыссың!“

Онырдалуы: Матайдан 27:46: „Тоғызыншы сағат

шамасында Иса өксіп жіберді: Или, Или! Лема савахфани! Яғни: О, Құдай! О Құдай! Сен неге тастап кеттің Мені?

Сәуегейлік – Оған сірке суын ішкізді.

Жырлар 68:22: „Маған ауқат орнына жалқаяқ беріп, шөл қысқанда – сірке суын ішкізді“.

Орындалуы: Жоханнан 19:28-29: „Жазымышта айтылғандай, болар істің болатынын білген Иса: „Шөлдедім“ деген еді. Ғаскерлер губқаға сірке суын сіңіріп, Оның кезерген еріндеріне тақап әкелді.

Сәуегейлік – Ғаскерлер зеребе салып, Оның киімдерін бөліп алды.

Жырлар 21:19: „Ризаларымды өзара бөлісті де, киімдерімді зеребе салып алысты“.

Орындалуы: Жоханнан 19:23 және 24: „Исаны қерген соң ғаскерлер оның киімдерін төртке бөліп, әр бөлігін әр ғаскер алды. Ал, көйлек-хитон әлі тігілмей, Оның үстінде мата күйінде жүргендіктен, ғаскерлер оны жыртпастан зеребе салып, ол кімге шықса, сол алатынға келісті де... олар солай етті“.

Сәуегейлік – Оның сүйектері қиратылған жоқ.

Жырлар 33:21: „Сүйектерін түгел сақтады Ол. Олардың бірі де қираған жоқ“.

Орындалуы: Жоханнан 19:32 және 33: „Ғаскерлер сонан соң Онымен бірге керілгендерге келді де, алдымен – біреуінің, одан соң – екіншісінің тізе сүйегін сындырды. Бірақ, Исаның өліп қалғанын көріп, оның сүйегіне тиген жоқ“.

Сәуегейлік – Ол жауыздармен бірге өлтірілді де, бірақ өлігі дәулетті кісідей жерленді.

Ишая 53:9: „Оған табыт жауыздардікімен бірге жасалды да, жатар орнын дәулетті кісінің орнын бұйыртты“.

Орындалуы: Матайдан 27:57-60: „Кеш түскен мезгілде Аримафейде тұратын Жүсіп деген кісі келді. Ол да бір кезде Исадан дәріс алған екен. Ол Пилаттан Исаның денесін беруді өтінді. Пилат Денені беруді бұйырды. Денені алған Жүсіп оның бетіне таза мата жауып, оны үңгірде қашап жасаған басқа табытқа салды да, моланың аузын үлкен таспен бекітіп кетті“.

2. Мәсіхтің дәрістері

Күнақарларды арылту үшін ең алдымен өзінің айқыш ағашта өлуі керектігін Мәсіх өз шәкірттеріне талай мәрте айтқан болатын. Сол әңгімелерінің ішіндегі ең айқынын Мәсіх өзіне опасыздық етілетін түні айтқан еді. Өзінің осы әңгімесінде ол Інжілдің негізгі тәртібін белгілеген болатын. Адамдарды күнәдан арылту үшін Өзінің айқыш ағаштағы өлімі жайлы айтқан сөзінің кейбірін беріп отырмыз.

Матайдан 16:21: „Иса содан бастап шәкірттеріне өзінің Иерусалимге баруы керектігін, ол жерде дінбасылар, кітапшылар, қауым бастықтардан көп азап көріп, өлтірілуі керектігін және содан үш күн өткен соң қайта тірілетінін бүкпелемей айтатын“.

Матайдан 17:22 жәнә 23: „Олар Ғалилейда болған кезде Иса былай деді: Адамның Ұлы адамдардың қолына беріледі де, олар Оны өлтіреді, арада үш күн өткен соң Ол қайта тіріледі. Мұны естігендер қатты мұңайып қалды“.

Матайдан 26:1 және 2: „Иса осыларды айтып болды да, шәкірттеріне былай деді: екі күннен кейін Құтқару мейрамы (Пасха) болатынын жәнә сонда Адамның Ұлы айқыш ағашқа керілетінін білесіңдер“.

Марқадан 8:31: „Содан соң Ол Адамның Ұлы көп азап шегуге тиістігін, дінбасылар, қауым бастықтары мен кітапшылар одан теріс айналып, өлтіретінін содан үш күн өткен соң қайта тірілетінін дәріс қылып айтатын“.

Марқадан 9:31: „Шәкірттерге дәріс беретін жәнә былай дейтін: Адамның Ұлы адамдардың қолына беріледі жәнә өлтіріледі, үшінші күні қайта тіріледі“.

Марқадан 10:32-34: „Иерусалимге баратын жолда Иса бәрінің алдында келе жатты, ал олар үрейлене еріп, қорқыныштан арылмады. Он екісін түгел шақырып алып, Өзінің не жағдайға ұшырайтыны жайлы тағы да айта бастады: Біз қазір Иерусалимге келеміз, Адам Ұлы онда дінбасылар мен кітапшылардың қолына беріледі, олар Оны өлімге бұйырып, пұтқа табынушы мәжусилерге тапсырады. Олар Оны тепкілейді, бетіне түкіреді, азапқа салады, сонан соң өлтіреді. Ол үшінші күні қайта тіріледі“.

Лұқадан 9:22: „Адамның Ұлы көп азап шегіп, дінбасылар, кітапшылар, қауым бастықтар одан теріс айналады, сонан соң өлтіріледі, үшінші күні қайта тіріледі“.

Жоханнан 3:13-15: „Аспаннан түскен Адам Ұлындай болып ешкім аспанға көтерілген емес, аспанда болған емес. Мусаның шөлдегі жыланды құрметтегені секілді, Адам Ұлы да құрметке бөленуі керек. Себебі, Оған табынғандар өлмеуі керек те, мәңгілік болуға тиісті“.

3. Елшілердің куәліктері

Елшілердің Істері кітабы мен олардың Жолдамаларын оқығандар олар уағыздаған және жер жаһанға таратқан ілім күнәкарлар үшін айқыш ағашқа керілген Мәсіх жайлы хабарға негізделгенін аңғарар еді. Біз төменде Ізгі Хабарды уағыздап келген елшілердің біздерге Шындықтың көзін ашу үшін Қасиетті Рухты арқалана отырып айтқан сөздерінен үзінді келтіріп отырмыз:

Елшілердің Істері 2:22-24: „Израильдың адамдары! Мына сөзді естіңдер: „Құдайдың құдіреті, кереметі, нышанымен белгіленген және бәрін сол арқылы көрсеткен Назарейлік Исаны Құдайдың жорасы бойынша қолдарыңа бергенде, сендер соны біле тұра арамдықпен өлтірдіңдер. Бірақ, Құдай Оны қайта тірілтті...“

Пауыл Қорынтықтарға арналған хатында (2:7 және 8) былай деді: „Бәріміздің даңқымызды көте-

ре түсуге арнаған және оны бұл заманның күштілері түсінбеген Құдай даналығы мен асылын біздер уағыздаймыз. Оны түсінген болса, Тәңірдің даңқын айқыш ағашқа кермес еді“.

Елші Жохан I-хатында, 1:7: „Оның бұл дүниеде жүргені секілді біз де бұл дүниеде солай жүретін болсақ, бір бірімізбен араласпай тұрмаймыз және Иса Мәсіхтің қаны бар күнәдан бізді арылтады“.

Мына Елшілердің Істерін оқыңыздар: 2:36; Рим. 6:5 және 6:1; 1 Қор. 1:17 және 18; 1 Қор. 1:22-24; 1 Қор. 2:1 және 2; 2 Қор. 13:3 және 4; Гал. 3:13; Фил. 2:5-8 және Евр. 12:2.

4. Мәсіхтің өлімі кезіндегі құбылыстар

Иса Жан берген сәтте күнге көлеңке түсті, ғибадатханадағы перде жоғарыдан төмен қарай қақ айрылды, жер дүр сілкініп, табыттар ашылып кетті, дейді інжілші Матай.

Матайдан 27:50-54: „Иса тағы бір рет ышқына айқайлады да жан тапсырды. Сол-ақ екен, ғибадатханадағы перде жоғарыдан төмен қарай қақ айрылды, жер селкілдеп, тастар бұға қалғандай болды, табыттар ашылып, онда жатқан тақуаларға жан кіріп, Ол қайта тірілгеннен кейін олар да табыттарынан шығып, қасиетті шаһардағы талайларға барды. Исаны күзетіп тұрған жүзбасы мен басқалар жер сілкінгенін көріп имандары ұшты, құттары қашты: „бұл шынымен-ақ Құдай Ұлы екен“ десті. Табиғат осылайша ғаламат белгі берді, мұны көр-

ген адамдардың естері кеткені соншалық, Мәсіхке шығарылған үкімді орындауға келген жүзбасы мен басқалары өздері айқыш ағашқа керген адам, – Құдай Ұлының өзі екендігіне күмәндары қалмады. Табиғаттағы мұндай құбылыс оған дейінгі де, одан кейінгі де өлген адамдардың тұсында болған емес.

5. Мәсіхтің қайта тірілуі

Табиғаттағы бұл құбылыс Мәсіхтің Фарисейлер мен кітапшаларға айтқан: „Мына ғибадатхананы қиратындар, мен оны үш күнде қайта тұрғызам“ – деген пайғамбарлық сөзінің орындалуы еді. Шынында да, сол сәттен үш күн өткен соң – келесі аптаның басында – бар заманның ғажап кереметі болды. Даңқтың Тәңірі өліден қайта тірілді. Бұл ғажап оқиғаны аспанның өзі жариялады. Құдай періштесі таң алдында аспаннан түсіп, моланы бітеген зілдей тасты аударып тастаған кезде жер ғаламат сілкінді. Оның түрі найзағай секілді еді, молаға Пилат қойған күзетшілер оны көріп, зәрелері ұшты. Бұл күзет, шәкірттер Мәсіхтің денесін ұрлап әкетіп тығып қойып, оны қайта тірілді демекші екен деп, дінбасылар таратқан әңгімеден соң қойылған еді.

Сол күнгі шуақты әсем таңда Исаның денесіне иіс май жағып, оған деген соңғы ықыластарын көрсетпек болып бір топ әйел молаға келген еді. Бірінші болып – Мариам Магдалина, сонан соң Жақыптың анасы – Мариам да келді. Олар мола-

ның кіре берісіндегі тастың бір шетке итеріліп тасталғанын, ал моланың іші бос екенін көргенде аң-таң қалысты. Олар солайша ес жия алмай тұрғанда Тәңір періштесі алдарына келіп, қорықпауларын өтінді.

Матай бұл жөнінде былай дейді (28:1-7): „Сенбі өтіп, келесі аптаның бірінші күні таң ата Мариам Магдалина мен тағы бір Мариам табытты көрмекке келді. Сол-ақ екен, қара жер қақ айрылғандай болып дір етті, себебі Тәңір періштесі моланың есігіндегі тасты ырысып тастап, соның үстінде жайғасып отырған екен. Өң-түсі от-қамшыдай сұсты, кескіні – қар секілді аппақ еді. Оны көрген күзетшілерде ес-түс қалмады. Ал періште әйелдерге бұрылып былай деді: Сендер қорықпаңдар, сендердің айқыш ағашқа керілген Исаны іздеп келгендеріңді білемін. Ол мұнда жоқ. Өзі болжағандай, Ол қайта тірілді. Барыңдар да Тәңір жатқан орынды көріп, сонан соң тезірек Онын шәкірттеріне жетіп, оларға Оның қайта тірілгенін айтып, Галилейге бұрынырақ баратынын білдіріңдер. Оны енді сонда көресіңдер. Менің айтарым осы“.

Матайдан 28:9 және 10: „Әйелдер хабар жеткізбек болып Шәкірттерге келе жатқанда оларға Иса жолықты да: Куаныңдар! – деді. Әйелдер оны ұстай алып, аяғына жығылды. Сонда Иса: қорықпаңдар, Менің бауырларыма барып, Галилейге келетінімді айтыңдар. Мені олар сонда көреді, – деді“. Осы оқиғаның бәрі қайта тірілу кезінде болған жәйттер.

Мұның бәрі Құдай берген шабыттың күшімен Інжілде жазылды, сондықтан да Құдай Сөзіне сенетіндер мұны жоққа шығара алмайды. Егер Оған сенбеушілер табылса, онда олардың Құдайды да, Оның періштелерін де, Мәсіхті де алдамшы дегендері.

6. Тарих кәлігі

Мәсіхтің айқыш ағашта өлгендігін мәжусилер (пұтқа табынушылар) мен еврейлердің ежелгі тарихшылары айтып кеткен. Олар бұл туралы айқын жазды.

1. Мәжусилердің тарихшысы Тацит (55-ші жыл, М.т.к.*) Мәсіхтің керілуі және сондағы көрген азабы жайлы үлкен еңбек жазып кетті.

2. Мәсіх өлтірілгеннен бірнеше жыл кейін туған еврей тарихшысы Иосиф Фабий өз халқының тарихы жайлы жиырма томдық кітап жазды. Ол онда Понтий Пилаттың әмірі бойынша Мәсіхтің қалай керілгендігін тәптіштеп баяндап берді.

3. Гректердің атақты тарихшысы Луций (100-ші жыл, М.т.к.) Мәсіхтің өлімі мен Мәсіх жолын куушылар жайлы кітап жазды. Ол эпикүрлік ұғымда болғандықтан, Мәсіх жолын куушылардың Мәсіхке деген сенімі мен оның жолында жан беруге дайын екендіктерін түсінбей кетті.

* М.т.к. – Мәсіх туғаннан кейін

Луций өзінің жазбаларында адам жаны мәңгілік және олар аспанға кетеді деген ұғымды күлкі етті. Бұл дүниеде дұрыстап күн кешу орнына, өлгеннен кейінгі белгісіз болмысқа талпынған Мәсіх жолын куушыларға ол алдауға түскен адамдар деп қарады. Мәсіх тақырыбына жазылған оның еңбегіндегі басты пікірлердің бірі мынау: „Мәсіх жолын куушылар Палестинада айқыш ағашта керілген Ұлы адамға оның бұл өмірге жаңа дін әкелгендігі үшін табынудан тиылмайды“.

7. Рим губернаторы Пилаттың куәлігі

Бұл тиранның Мәсіхтің қалай керілгені, көмілгені, одан қайтып тірілгені жайлы Тиверий цезарьға жазған толық мәліметі бар. Бұл рапорт рим документтерінің арасында сақтаулы тұр. Осы рапорт Мәсіх жолын куушылардың ғұламасы – апологет Тертуллианның (160-220-шы жылдары, М.т.к.) Мәсіх жолын куушылар дінін жақтап сөйлеген атақты сөзіне негіз болды.

8. Айқыш ағаштың (крестің) символы

Әр діннің өзіне тән ерекше эмблемасы болатынын ешкім жоққа шығара алмайды және ол қажетті де нәрсе. Мысалы, еврейлердің эмблемасы – алты бұрышты жұлдыз да, мұсылмандардікі – жарты ай. Айқыш ағаш белгісі ерте Мәсіх жолын куушылар заманынан бар. Мәсіх жолын куушылар ол белгіні өлгендердің табытына және жаппай

қуғынға ұшырағанда жан сауғалап тығылатын каткомбаға ойып салатын болған.

9. Тәңір Кештерінің куәлігі

Діндарларға Мәсіхтің айқыш ағашта (кресте) өлгендігін еске салып тұратын Тәңір Кештері арада талай ғасырлар өтсе де, Мәсіхтің керілгенін дәлелдейтін айқын куәнамасы болып табылады. Өзіне сатқындық жасалатын түні тұңғыш өткен бұл Кешті үнемі өткізіп тұруды Мәсіхтің өз шәкірттеріне өсиеттеп кетуі – Оның өтелу өлімінде кеткендігінің ескерткіші және еш шүбә келтірмейтін айғағы болып саналады. Елшілер Оның осы құдайлық тапсырмасын бұлжытпай орындап, оны өткізуді Шіркеуге тапсырды. Елші Пауыл оны өзінің Қорынтықтарға арнаған бірінші жолдамасында (11:23-26) былай деп жазды: „Мен Тәңірдің Өзінен қабылдағанды сендерге айтып отырмын, өйткені Иса Тәңір сатқындыққа жолығатын сол түні қолына нан ұстап, риясын айтып ортасынан бөлді де: „Қабыл етіңдер, дәм татыңдар, сендер үшін кескілеуге беретін тәнім бұл. Мені естеріңде ұстап ас етіңдер“ – деді. Сонан соң тостаған ұсынып: „бұл – Менің Қанымдағы жаңа өсиет. Мені естеріңе алып осыны ішкен соң, соны орындаңдар“ – деді. Әрдайым осы нанды жеп, тостағандағыны ішкен сайын Оның өлгендігін Өзі келгенге дейін білдіріп тұрасыңдар“.

10. Талмудтың куәлігі

Талмуд – еврейлердің қасиетті кітабы екені бесенеден белгілі. Талмуд үлкен том болып жиналды, онымен танысу әр кімдерге қызық. Оның 1943 жылы Амстердамда шыққан басылымының 42-ші бетінен мынаны оқуға болады: „Иса... Құтқарылу мейрамынан (Пасха) бір күн бұрын керілген еді. Ол сиқыршы болғандықтан және сиқырдың көмегімен Израильды алдағысы келгендіктен Оның өлтірілетіндігін Өзіне қырық күн бойы ескерттік. Оған араша түсіп қорғағысы келген адамдар оны қорғай алатын, бірақ ондай пенде табылмағандықтан Құтқарылу мейрамы қарсаңында ол айқыш ағашқа керілді. Оны ақтауға кімнің жүрегі дауалар екен? Ол жауыздықты қозғаушы болған жоқ па? Ол жайында Пайғамбарлық пен Екінші заңдылықта айтылған (13:8 және 9 тараулар): Оны мақұлдама да, тыңдама. Сенің көзің оны оңдырмасын аяушылық та етпе, ортаға да түспе. Бірақ, өлтір оны...“

4. Мәсіх неліктен керілді

Бұл сұрақты біздер әсіресе соңғы кездері жиі естіп жүрміз. Бұған Мәсіх жолын куушылар дінін ұстанушыларда айқын жауап бар – „Ол біз адамдар үшін және біздің құтқарылуымыз үшін жаратылған еді. Ол жерге аспаннан түсті және Қасиетті Рухтан Мариам Кыз арқылы туды. Ол адам болды және Понтий Пилат заманында біздер үшін айқыш ағашқа керілді. Ол азап шекті, сонан соң жерленді, үшінші күні қайта тіріліп, көкке кетті“.

Төменде Мәсіхтің айқыш ағашта өтелу өлімі неге қажет болғандығы жайлы бірнеше дәлел келтіре кетейік.

1. Құтқарылу қажеттігі

Әр адамның жүрегінде күнәкарлық сезім бар, сондықтан да олар одан арылуға құштар. Римляндарға 3:23 былай дейді: „Бәрінде де күнә бар, сондықтан да Құдайдың құрметінен айырылды“.

Ишая пайғамбар 53:6 тарауда былай дейді: „Біздер қой секілді адасып журдік те, әр қайсымыз өз күнә жолымызға түстік. Бәріміздің күнәмізді Тәңір Соған жапсырды“.

Елші Жохан Бірінші жолдамасында (1:8-10) былай дейді: „Біз өзімізді күнәдан пәкбіз десек, ол өзімізді өзіміз алдағанымыз және бізде шындық болмағаны. Егер біздер тәубеге келсек, әрдайым әділ де адал болсақ, Ол біздің күнәмізді кешіп,

жанымызды жалғандықтан арылтады. Егер біздер өзімізді күнәдан тазамыз десек, онда оны өтірікші қылғанымыз және оның ғақлиялары біздің санамызда жоқ болғаны“.

Бұрынғы істеген күнәлары үшін өкініп тәубе ету аздық екенін әркімдер-ақ біледі. Кешірім алу үшін Құдайдың алдынан өтпесе болмайды. Оның атын „Өтелу“ дейді. Әйтпесе, құрбандық берудің әу бастан келе жатқан салт екенін қалай түсіндіруге болады және жер бетіндегі діндердің бәрінде құрбандық рәсімі барын ұмытпауымыз керек.

Әр күнәкардың жүрегінде сол рәсім, өтелу сезімімен қатар жүретіндігі сондықтан емес пе, ойлаңдаршы?

2. Әділдікке жүгінсек

Құдайдың – киелі, ал адам – күнакар екені бәрімізге белгілі, сондықтан да күнәға бару – Құдай атына кір келтіретінін және Құдай Өзіне ұқсатып жаратқан адам үшін ондай іс өлімге пара-пар екенін тағы білеміз. Күнәкар адам Құдайдың қаһарына ұшырауға тиісті екені сондықтан. Күнәкарды жазаламаған Құдай әділетті бола алмайды. Өз ісіне өкіну – ол әлі ақталу емес. Опық жеп өкіну – өтелу деген ұғымға жанаспайды. Әділдік пен киелілікті бір ғана опық жеумен биіктете алмаймыз.

3. Өтелу – заң талабына сәйкес келеді

„Күнәнің сазайы – өлім“ деген жазу бар. Қыл-

мыскерді жазалауды, ең алдымен, заң талап етеді. Қылмыстыны жазаламайтын заң-киянат заң. Заңды – „Қоғамдық айыптаушы“ деп білеміз. Ал, қоғамдық айыптаушы қылмыскерді жазалау туралы заңды тоқтата алмайды. Егер ол өйтетін болса, заң өзінің мәнісін жоғалтады да, Тәңірдің әділдігін іске асыруға жол кесіледі. Қысқасын айтқанда, Құдай заңы болып табылатын заң қылмыскердің не жазалануын, не оның сол күнәсі үшін өтелуін талап етеді. Сондықтан да басқалардың күнәсі үшін Өз өмірін құрбандық еткен Мәсіхтің бұл ісі, біздің жүрегімізге мақтаныш пен алғыс сезімін толтырады. Мәсіхті Құтқарушымыз деп танитындар өз күнәларына соның атынан кешірім алады. Мәсіх бұл құрбандығын бүкіл адамзат атынан бергендіктен ешкім оны мен үшін жанын қимады деп айта алмайды және Мәсіхтің бұл ісі бар адамға берген батасы болып есептеледі.

Бұл жөнінде Ишая Пайғамбар тамаша сөздер айтқан (53:12 тарау): „Мен Оны ұлылардың үлкен бөлігі дер едім... себебі, ол басқалардың күнәсін өз мойнына алып, сол үшін жауыз атанды, қылмыскерлерге ара түсті және солар үшін өз өмірін қиды“.

Елші Пауыл Еврейлерге жазған хатында (5:8 және 9 тарау) былай деді: „Ол Ұл болса да, ол шеккен мехнат бізді оған бас игізді, және Оған табынушылардың ұғымында мәңгілік өмірді Құтқарушы болып ұяланды“.

4. Өтелу – адам өнегесінің талабына сәйкес келеді

Әділдік пен қасиеттілік туралы әр адамның өзіндік ұғымы болуы оның табиғаты мен санасына байланысты екені белгілі нәрсе. Егер ол өз күнәсіне опық жеп, одан арылу жолын таппай жүрсе, оның жаны қиналады, ұяттан өледі.

Күнәға белшесінен батқан адамда да, оны тынымсыз мазалайтын ар-ұяттың пұшпағы болатыны белгілі. Дұрыс пен бұрысты ол сондықтан да ажырата алады, нені мақтап, нені даттау керектігін де түсінеді.

Адамдағы ар – оны жаратушы Құдай даусының жаңғырығы екендігін және ол Синай тауында Құдай жасаған заңмен үндес екендігін ашық айта аламыз. Ар мен ұят қаншама мықты болғанымен, ол бәрібір адам жанын құтқара алмайды.

Күнәға жақын адамға оның ұяты әсер етуі мүмкін, бірақ ол оны ақтап ала алмайды. Заңда да жомарттық бар, бірақ онда да күнәкарды ақтап жіберерлік құдірет жоқ. Елші Пауыл: „Заң бізді Мәсіхке әкеледі“ – деген болатын. Заң – қылмыс барын дәлелдегенімен, одан өтелу тек Мәсіхтің қолында екендігін көрсетеді. Ұят үні мен күнәлік сезімнің арасында жүретін әділ делдал болуы керек. Әйтсе де, адамдар өздерінің игілік істері Құдайдың кешірімімен тең деген оймен бар күнәдан сол арқылы арылғысы келеді.

5. Өтелудің Құдай жолы

Адамдарға өтелу қажеттігі болмаса, Құдай да оған баратын жолды сілтемес еді.

Матай Иса сөзін былай деп жазған (20:28): „...Адам Ұлы Оған қызмет етулері үшін емес, Өзі басқаларға қызмет етіп, солардың өтелу жолына жан пида ету үшін келді“.

Жоханнан да (3:16 тарау) Иса былай дейді: „Құдайдың әлемді сүйгендігі соншалық, Өзіне сенгендердің әрқайсысы өлмей, мәңгілік өмір алсын деп, Өзінің Жалғыз туған Ұлын жіберді“.

Галаттықтарға арнаған хатында (4:4 тарау) елші былай дейді: „Мезгілі жеткен шақта Құдай заңға бағыныштыларды өтеу үшін, әйелден туған, заңға бағынған Өзінің (Жалғыз туған) Ұлын жіберді...“

Осы тамаша сөздер Құдайдың адамдарды қайырымдылыққа толы ғажап сезіммен сүйетіндігін көрсетеді. Құдайдың осы шынайы махаббатын Мәсіх те өз бойына сіңірген еді. Құдай тек әділ де әулие ғана емес, Ол сонымен қабат Махаббат екенін де барша жұрт білсін деп, Иса Өз жанын айқыш ағашта берді, біздің өмірімізді солайша өтеді. Жанның өтелуі махаббат арқылы күнәкардың ұятын оятады, күнәкар мен айқыш ағаштың арасында табыстырушы болып махаббат жүреді, ал Құдай өз сүйіспеншілігін айқыш ағаш арқылы білдіреді. Сондықтан Иса: „Мен көкке жерден көтерілген соң, бәріңді де Өзіме тартамын,“ – деген болатын.

Құрметті оқушы! Біздер бар әлем дүбірге толы уақытта өмір сүріп отырмыз. „Міне, саған жаңа тәртіп, соған сәйкес әрекет қыл“. „Біздер жаңа қауым құрдық – соған кір!“ „Біз сендерге көмек қолымызды ұсынамыз!“ Егер Мәсіхтің айқыш ағашы бірге болмаса, ондай дауыстың бәрі де бос даңғаза. Айқыш ағаш болмаса, „жаңа тәртіптің“ бәрі – бос сөз, „Жаңа қауым“ – шіп-шикі өтірік, ал „көмек беретін қол“ біздер шындық іздеп жүргенде бізді орта жолда жалғыз қалдырады.

Біздің қателігіміз ежелгі еврейлердің қателігін – айқыш ағашты ақмақшылық пен әлсіздік деп санаған қателікті қайталағандық болар еді. Айқыш ағаш олардың көздеріне шыққан сүйелдей болды. Айқыш ағашты дұрыс бағаламаған олар көмекке де дәмеленбеді. „Әлем күнәсін мойнына алатын, міне, саған Құдайдың құрбандық қозысы“ – дегенге сенбеді. Мәсіх: „Ей, тауқымет тартқандар мен бейнет қылғандар, бәрің де Маған келіңдер, Мен сендерді тыныштандырамын!“ – дейді.